



Мерейді тасытқан мереке шуағы

Республика күні қарсаңында С.Сейфуллин атындағы Қарағанды қазақ драма театрында түрлі кәсіп өкілдеріне мемлекеттік наградалар мен «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағы табысталды. Мемлекеттік наградаларды облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан тапсырды. Сондай-ақ, қала тұрғындары мен қонақтарына арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды.



Газетке онлайн жазылу Жеке жазылушылар үшін



Ortalyq Qazaqstan

Құрметті оқырман!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу барысында жеке жазылушылар үшін жаңа мүмкіндік туганын хабарлаймыз!

Бүгіннен бастап Сіз ұялы телефоныңыздың kaspersky.kz қосымшасындағы QR арқылы төлем жасап, сүйікті басылымыңызға жарты жылға немесе бір жылға жазыла аласыз.

Ол үшін суреттегі кодты енгізіп, жазылу кезеңі (жарты жыл немесе бір жыл) мен мекенжай бағанын толтырасыз да, Сізге автоматты түрде ұсынған соманы төлейсіз.

Бұл мүмкіндік тек жеке жазылушылар үшін ғана екенін естеріңізге саламыз! Сондай-ақ, QR-код арқылы жазылушылар үшін қала, ауыл тұрғындарына бірінші баға (жарты жылға – 3074,60 теңге, бір жылға – 6149,20 теңге) ұсынылады.

Ғасырға жуық тарихы бар басылыммен 2025 жылда да бірге болыңыздар!

РЕДАКЦИЯ



Ауылда ФАП ашылды

Қарқаралы ауданы Бесоба ауылдық округіне қарасты Қызылту ауылында медициналық пункт ашылды. Құрылысы биыл басталған нысан Республика күні мерекесіне орай пайдалануға берілді.

Болатбек ӘШІМҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы қуанышты жағдайға орай аудан әкімі Әділжан Аргынов, аудандық орталық аурухананың директоры Дәурен Сейтпанов, аудандық мәслихат депутаты Біржан Сапаров Қызылту ауылында болып, жаңа ғимараттың ашылу салтанатында халыққа құтты болсын айтты. Ауыл ақсақалы, тұл ардагері Төлеу Бұланбаев үлкендердің атынан игі лебізін білдіріп, батасын берді.

Бұл медициналық нысанның құрылысы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының аясында қолға алынған болатын.

Аталмыш пунктте дәрігерге дейінгі қарау кабинеті, егу, таңу бөлмелері, медицина қызметкерлеріне арналған, акушерлік кабинеттер жұмыс істейді.

Аудан орталығынан тоқсан шақырым қашықтықта орналасқан ауылда қазіргі уақытта екі жүздей адам тұрады. Осы халыққа мамандандырылған медициналық бекет ауадай қажет еді. Көпшіліктің көкейінде көптен жүрген мәселе оң шешімін тапты.

Жалпы, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасының аясында Қарқаралы ауданында 2025 жылға дейін ашылады деп жоспарланған 17 медициналық нысан көзделген уақытында даяр болып, кезекпен ел игілігіне беріледі.

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараға облыстың Құрметті азаматтары, еңбек ардагерлері, қоғам қайраткерлері, Мәжіліс және мәслихат депутаттары, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен сауда объектілерінің басшылары, партиялардың, үкіметтік емес ұйымдар, Қазақстан халқы Ассамблеясының, діни конфессиялардың өкілдері, қалалар мен аудандардың әкімдері, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет саласының өкілдері, сондай-ақ, жастар қатысты.

Құттықтау сөз сөйлеген Ермағанбет Қабдулаұлы жиналғандарды Республика күнімен құттықтап, өңірдің негізгі жетістіктерін атап өтіп, әрі өркендеу тіледі.

Бұл – тәуелсіз ел болуға батыл қадам жасалған тарихи күн. Оның маңызын Мемлекет басшысы «Елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы» деп атап көрсетті. Бұл – егемен ел болғанымызға шүкір етіп, тәуелсіздігіміздің қадірін түсінетін күн.

Тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан өзін халықаралық қауымдастықтың белсенді мүшесі ретінде мойындатты, ғаламдық деңгейде маңызды бастамалар көтеріп, аймақтық көшбасшыға айналды, – деген ол елімізде кейінгі жылдары орын алған оң саяси өзгерістерге тоқталды. Олардың барлығы азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Одан бөлек, аймақ басшысы Президенттің биылғы Жолдауында Саран қаласының экономикасын диверсификациялау тәжірибесін басқа өңірлерге үлгі ретінде атап, оны қолдану жөнінде арнайы тапсырма бергеніне де тоқталды.

Тағы бір айта кетерлігі, Мемлекет басшысы келесі жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Мәселен, облыста 1 мыңнан аса өнеркәсіптік, энергетикалық және құрылыс кәсіпорны бар, онда жарты миллионнан астам жұмысшы еңбек етеді.

– Биыл жерлеріміз түрлі деңгейдегі мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың ішінде, металлургия, шахтерлер, педагогтар мен дәрігерлер, шығармашылық орта өкілдері, полиция

қызметкерлері мен құтқарушылар бар. Бұл – «Еңбегіне қарай – құрмет» қағидасының мемлекеттік саясаттың басым бағытына айналғанын, қоғамымызда еңбек адамының мәртебесі артқанын көрсетеді, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Облыс әкімі өңірдің нағыз байлығы – талантты, еңбекқор және адал адамдар екенін атап өтті. Бұл біздің басты байлығымыз және бәсекеге қабілетті артықшылығымыз: дәстүр бойынша Қарағанды бүкіл ел үшін ең жақсы кадрлардың ұстаханасы саналады.

– Бірақ мұнымен тоқтап қалмаймыз. Біз адами капиталды одан әрі дамытуымыз керек. Сондықтан, техникалық және білікті жұмысшы кадрларды даярлау бойынша білім беру кластерін құру жоспарда бар. Колледждерде арнайы орта білім беруді өндірістік практикамен интеграциялау үшін жақсы материалдық-техникалық база жасакталған. Нәтижесінде, облыс жастарының 60%-ы – жұмысшы мамандықтарын меңгерген. Олар – нақты өмірлік бағдарлары бар жігерлі, еңбекқор, отансүйгіш жастар.

➤ 2-бет

• САЛТАНАТ

Әнұранмен асқақтаған рух

Ұлттық мереке Республика күніне орай Қарағанды қаласының Тұтұғыр алаңында «Қыран елім – Қазақстан» атты патриоттық акция өтті. Үш мыңнан аса қарағандылық мемлекеттік Әнұранымызды асқақтата шырқады. Осылайша қарағандылықтарға ұлттық мерекеге әр берді.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты іс-шараға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, жиылған жұртты айтулы мейраммен құттықтады.

– Қымбатты қауым, қадірлі жерлерестер! Баршанызды Республика күнімен құттықтаймын! Бұл – еліміздің бірегей ұлттық мейрамы. Тәуелсіздіктің бастауы. Егемендік жылдарындағы талай қиындықты бірге еңсердік. Біз бірлігі бекем әділетті Қазақстанды бірге құрамыз. Елге жанашыр әр



саналы азамат өз үлесін қосыу керек. Ортақ мақсат, бір мүддеге сай әрекет етсек, республикамыздың келешегі кемел, болашағы жарқын. Қазақстанның Көк Туы биікте желбіреп, Әнұранымыз жер-жерде шырқалып жатыр. Бұл – ата-баба аңсап өткен егемендіктің арқасы. Ендеше егемендігіміздің қадірін түсініп, тәуелсіздікті нығайтуға атсалысайық. Мерекеден мерекеге

аман-есен жетейік, – деді аймақ басшысы.

Акцияға мұнымен қоса депутаттар, спортшылар, ардагерлер, қоғам қайраткерлері мен жастар қатысты.

Мұндай елдің рухын көтеретін іс-шара облыстың барлық қала, аудандарында өткенін айта кеткеніміз жөн.

Республика күнінің мәнін артыруды мақсат тұтқан шараға қаты-

сушылардың басым бөлігі жастар болды. Бұл – ұлттық мереке келешек иесі жастардың жүрегіне нық орнанып, айшықты белгісіндей.

– Мен де және менің құрдастарым да жарқын келешек болатынына сенемін. Жастар үшін қазір барлық мүмкіндіктер жасалып жатыр. Күш-жігерімізді салып білім алуда-

мыз. Бірақ, жастар үлкен ерліктерге бару үшін тек білім алу аздық етеді. Осындай Ұлттық мерекелерді атап өту арқылы рухты шыңдау керек. Рухы шыңдалған, өзіне сенімді азаматтар ғана биіктерді бағындырады. Бүгінгі шараны ұйымдастырушыларға айтар алғысым шексіз! Достарыммен бірге Көк байрағы-

мыздың астына жиналып, әнұран шырқадық. Әнұран шырқалып жатқанда желбіреген туына көз салсаң, арқан шымырлап, еңсен көтеріледі екен. Көңіл күйіміз өте керемет! – дейді шараға қатысқан Ербұлан Айдаров.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ





Мерейді тасытқан мереке шуағы

(Соңы. Басы 1-бетте).

Болашақта облысымыз өнеркәсіп және экономиканың басқа салалары үшін жетекші маман жеткізушілердің бірі ретінде өзінің беделін нығайта алады, – деді аймақ басшысы.

Президент Жарлығымен Қарағанды облысының 44 тұрғыны «Парасат», II дәрежелі «Достық», «Құрмет», II және III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдарымен марапатталды.

Марапатталғандардың арасында жұмысшылар, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары, еңбек ардагерлері, мұғалімдер, дәрігерлер, спортшылар және басқа салалардың өкілдері бар.

Сонымен, «Парасат» орденін «Қазпошта» акционерлік қоғамы Қарағанды облыстық филиалының директоры Ерлан Нұрланбаев алды.

II дәрежелі «Достық» орденімен КамаТурес ЖШС директоры Радия Бурганова, «Меридиан компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің техникалық директоры Александр Критский марапатталды.

«Құрмет» ордені Е.Бөкетов атындағы ҚарУ кафедрасының профессоры Қамашек Асановқа, №3 емхананың директоры Сәния Боранқұловаға, «Сүт ферма рамадан» ЖШС директоры Жарас Қанапиев, Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжановқа, Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Қожуховқа, «Қарағанды су қоймалары» мекемесінің басшысы Мира Махатчинаға, Forever Flourishing (Middle Asia) Pty Ltd ЖШС бас директоры Бегали Оразбековке, Қарағанды медицина университетінің профессоры Наилия Шевелеваға берілді.

II дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденіне «Qatmet» акционерлік қоғамы көмір департаментінің «Шахтинск» шахтасының үнгүшісі Болат Молдайтөв лайықты деп танылды.

III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін Asia ferroalloys ЖШС балқытушысы Геннадий Гулевский, «Абай тігін фабрикасы» ЖШС цехінің тігіншісі Қамария Жәке-



нова, «Құрылысмет» ЖШС токарі Александр Кашин алды.

«Ерлігі үшін» медаліне Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімше командирі Ермұхан Ахмедиев және «Qatmet» акционерлік қоғамы көмір департаментінің «Қазақстан» шахтасының үнгүшісі Еркін Ахметов лайық деп танылды.

Ал, «Ерен еңбегі үшін» медалімен еңбек ардагері Хайролла Әбілов, Абай ауданының мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушы-оқытушысы Бауыржан Аманбаев, «Жалықбас» шаруа қожалығының басшысы Марат Баймағанбетов, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» кәсіпорнының Қарағанды облысы және Ұлытау облысы бойынша филиалының сарапшысы Гүлзада Жанаева, еңбек ардагерлері Ойрат Жүкібаев, Рысбай Жүнісов, Ydd

Corporation жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кран машинисі Алексей Иванов, «Ер-Тай» ЖШС Приозерск филиалының директоры Талғат Қарабалаев, Бұқар жырау ауданының Үштөбе тірек мектебінің педагогы Берік Қарашолақов, Қарағанды тау-кен индустриалды колледжі директорының орынбасары Олег Кастальский, Қарағанды облысының балаларға арналы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының тәрбиешісі Ольга Кравцова, Qatmet АҚ бастығы Мұрат Көлбаев, С.Саттаров атындағы мектеп-лицейінің педагогы Әсем Қызырова, Kazakhmys Smelting ЖШС Балқаш мыс балқыту зауытының балқытушысы Владимир Лейман, №45 Қарағанды гимназиясының мұғалімі Айнагул Майлыбекова, облыс әкімдігінің іс басқармасының кезекші механигі Нұрлан Мұқатов, «Байбатыр KZ» ЖШС басшысы Бауыржан Мұсақанов, «Нұр-СХ» ЖШС құрылтайшысы Ержан Нашаров, С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының әртісі Махмұт Садықанов, Qatmet АҚ Көмір департаментінің «Саран» шахта-

сының электрослесары Игорь Свиридов, Шұбаркөл Көмір» АҚ жүргізушісі Қайрат Серіков, «Қуаныш Строй Каз» ЖШС трактортиегішінің жүргізушісі Қайрат Тұрлыбеков марапатталды.

«Шапағат» медалін Шөкәрім атындағы гимназияның мұғалімі Гүлмира Жүрсәлімова, Осакаров аудандық ауруханасының дәрігері Жұмаш Нұрмұханбетов, Қарағанды қаласындағы №4 емхана директорының орынбасары Салтанат Шайдарова алды.

Республика күні қарсаңында облыстық мәслихаттың XVIII сессиясының

тықтырушылық жұмысының барлық жылдарында ол 150-ден астам спорт шеберлерін дайындады. Диканбай Биткөзов қазір де бұқаралық спорттың дамуына өз үлесін қосуда. Оның басшылығымен Қарағанды облысының спортшылары Әлем, Еуропа және Азия кубоктарында үлкен жеңістер мен табыстарға қол жеткізуде.

– Бүгінгі атак – менің 60 жылдық еңбегімнің жемісі. Менің көптеген марапатарым бар. Олар – «ҚазКСР еңбек сіңірген мұғалімі», Еңбек Қызыл Ту ордені, Еңбек ері. Спортта биіктерге жеттім деген ойдымын. Осы уақытқа дейін 200-ден астам



шешімімен өңірдің жекелеген азаматтарына «Қарағанды облысының Құрметті азаматы» атағы берілген болатын. Олар – еңбек сіңірген жаттықтырушы, самбодан спорт шебері Диканбай Биткөзов пен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі Екатерина Кузнецова.

Диканбай Биткөзов жетпісінші жылдары Жаңаарқа ауданында агроном болып жұмыс істей жүріп, өз бастамасымен спорт секцияларын ұйымдастырып, еліміздің болашақ чемпиондарын дайындаған. Жат-

спорт шеберін, 23 халықаралық деңгейдегі спорт шеберін, 5 әлем чемпионын, 20-дан астам Азия чемпионын дайындады. Әлі күнге дейін жұмыс істеймін және жаттықтырамын, – дейді 83 жастағы Диканбай Биткөзов.

Жиын облыс әртістері мен шығармашылық ұжымдарының қатысуымен өткен мерекелік концертпен аяқталды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Жаңашыл кітапхана жарқын келешек үшін

Ұлттық мейрам қарсаңында Қарағандының қақ ортасынан, саябақтың ішінен «Өлкетану» кітапханасы оқырмандарға есігін айқара ашты. Жаңа кітапхананы салтанатты ашылу рәсіміне облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, қала әкімі Мейрам Қожықов, қалалық мәслихат төрағасы Алтынтөре Бөкенов қатысып, ұжымның алдағы жұмысына толайым табыс, шығармашылық шабыт тіледі.



Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаланың Оңтүстік-Шығысында, яғни Тұтқырдың артындағы аллеядан ашылған кітапхананың пішіні киіз үй іспеттес. Өзгеше дизайнмен көз тартады. Жаңашыл кітапханадан тек кітап оқып қана қоймай, уақытты тиімді өткізуге болады. Түрлі үстел ойындарын ойнап, домбыра тартып, караокемен ән шыққауға да мүмкіндік бар.

Облыс әкімінің орынбасары Әлібек Үсенұлы өзінің құттықтауын білдіре келе, «Өлкетану» кітапханасы тарихи мұраны зерделейтін, оны болашақ ұрпақтың бойына сіңіретін маңызды орталыққа айналады деді.

Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия оқушылары өз өнерлерін ортаға салып, қонақтардың ықыласына бөленді.

Салтанатты іс-шараға келген меймандарға кітапханаға экскурсия ұйымдастырылып, Алаш ардақтыларының тарихы мен қызметі туралы кітаптар таныстырылды. Мұнымен қоса, өлке тарихына қатысты, жергілікті ақын-жазушылардың кітаптарынан жинақталған көрме, сандық форматтағы өлкетану бұрышы, зияткерлік ойын аймағы көрсетілді.

Сондай-ақ, жаңа кітапхананың ашылуына профессорлар, қоғам қайраткерлері мен қалалық мәслихат депутаттары қатысып, тұрақты оқырманы боламыз деген ынталарын білдірді.

Кітапхана басшылығы енді мұнда түрлі



шеберлік сабағын, шағын шығармашылық кештер мен кездесулер өткіземіз деп отыр.

– Кітапхана өлкетану бағыты бойынша жұмыс істейді. Мұнда жергілікті жазушылар, қоғам қайраткерлерімен кездесулер өтеді. Әсіресе, балаларға патриоттық тәрбие беру үшін қалам тербеп жүрген жазушылардың шығармашылығы таныстырылады. Біз балалар өлебіеті мен тарихи кітап қорын жинадық. Мұнда отбасыңызбен келсеңіз де, қуана қарсы алады. Егер шығармашылықпен айналысымын десеңіз компьютер бар. Интернетті де пайдалана аласыз. Бізде мобильді кітапхана да бар. QR код арқылы сканерлеп, электронды кітапты өзіңізбен бірге ала аласыз, – дейді Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры

Гүлжан Ахметқаримова.

Кітапхананың оқу залында абонементпен жұмыс істеу жүйесі бар. Кітапты өзіңізбен бірге алып, тұрақты оқырманы атану үшін арнайы келіп жазылуыңыз керек.

Кітапхана сейсенбі мен жексенбі аралығында сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді. Демалыс – дүйсенбі.

Енді қала тұрғындары саябақта серуендеп жүріп, жаңа кітапханаға соғып, танымын тереңдете алады. Жаңашыл кітапханамен жарқын болашаққа қадам басатын балалар қатары көбейді деп көпшілік қуанды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ҚҰРМЕТ

Еленген еңбек

Ақтоғай ауданының мәдениет үйінде 25 қазан – Республика күніне арналған салтанатты мерекелік іс-шара өтті. Жиында ауданның дамуына елеулі үлес қосқан азаматтардың еңбегі еленіп, өңірдің жетістіктері сараланды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов көпшілікті мерекелен құттықтап, ауданның дамуына еңбек сіңірген азаматтарды мерекелік наградалармен марапаттады.

– Мемлекет басшысының бастамасымен Республика күні Ұлттық мереке ретінде бекітілді. Бұл маңызды шешім халықтың қолдауына ие болып, ұлттық деңгейде аталып өтуде. Ауданда Мемлекет басшысы өз Жолдауында айтқан бастамалар мен халықтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстар іске асырылуда. Ел аман, жұрт тыныш болса, жұмыс та жүреді, ауданның да, халықтың да әл-ауқаты артады. Мұндай жағдайда ұлт болып ұйысып, ұлттық мерекені атап өту де бір ганибет. Республика күні – біздің жалпыұлттық мерекеміз. Еліміздің қарыштап дамып, толағай табысқа жетуі – халқымыздың ынтымағы мен бірлігінің жемісі. Олай болса, бірлігіміз бекем, ынтымағымыз ырысты болып, егемен еліміз гүлдене берсін! – деді аудан басшысы Абылай Аманжолов.

Іс-шара барысында ауданда түрлі салаларда жетістікке жеткен, еңбек сіңірген азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, КСРО «Денса-

улық сақтау ісінің үздігі», Ақтоғай ауданында бірнеше жыл дәрігер терапевт, дәрігер фтизиатр болып, сондай-ақ, 1983-1993 жылдар аралығында Ақтоғай аудандық ауруханасының бас дәрігер қызметін атқарған Кабдухаит Ежабаева, әнші, актриса, аудандық «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің негізін қалаушыларының бірі, Қазақ ССР-ның I дәрежелі наградасымен марапатталған, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Дариға Ақатаеваға, сазгер, педагог зерттеуші, Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», Қазақстан Республикасының «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгілерінің иегері Наурызбай Жейсекеевке берілді. Сонымен қатар, жас кәсіпкерлерге аудан әкімінің гранттары табысталды.

Салтанатты іс-шарада ақтоғайлық өнерпаздар, «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблі ұжымы, «Арман» эстрадалық ансамблі өнер көрсетіп, мерекенің сәнін кіргізді.

Ақтоғай ауданы

Сурет автордан



Қысқа қамданыс тастүйін

Облыс әкімдігінде өткен кезекті аппараттық кеңесте облыстың қысқы маусымға дайындығы, оның ішінде, автомобиль жолдарының күтімі мен қар ұстайтын қалқандарды орнату мәселелері кеңінен саралана салынды.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңгімесінің әлқиссасын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Сарандағы жылу маусымында оқалық жіберген шенеуніктерге ескерту жасаудан бастады. Саран қаласының әкімі Еркін Баулықов пен энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев қатаң сөгіс алды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжановқа ескерту түрінде тәртіптік жаза жарияланды.

Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аппараттық кеңесте ресми негізде мәлімдеді.

– Өзінің қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін, атап айтқанда, жылыту маусымы-

на дайындықты жеткіліксіз түрде бақылағаны үшін менің бірінші орынбасарыма ескерту түрінде тәртіптік жаза қолданылсын. Саран қаласының әкімі мен энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысына қатаң сөгіс жариялансын. Қыс мезгілінде сапалы жылумен қамтамасыз ету міндеті біз үшін басым екенін тағы да еске салғым келеді. Жұмыс тұрақты түрде жүргізілуі керек! Әр жағдай бойынша қатаң баға беріліп, жауапкершілік дәрежесі анықталады, – деді өңір басшысы.

Өз кезегінде Саран қаласының әкімі «Қаладағы жылу жағдайы туралы баяндады. Оның айтуынша, барлық жергілікті қазандықтар штаттық режимде жұмыс істеуде, отын қоры қамтамасыз



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

дық пысықталған. Өткен қыста түйткіл туындаған Қарағандының солтүстік айналма жолында алдын алу шаралары қабылданды.

– Қарағандының солтүстік айналма жолында ұзындығы 5,5 шақырым қар ұстайтын қалқандар орнату жоспарлануда. Бүгінде 1,5 шақырымы дайын. Айдың соңына дейін тағы 1 шақырым жасалады. 3 шақырымдық учаске бойынша жер несімен мәселе шешілуде, – деді аппараттық кеңесте «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ Қарағанды филиалының директоры Ерлан Жұмағұлов. Оның айтуынша, қыста Қарағанды – Теміртау, Қарағанды – Балқаш жолдарына қызмет көрсету үшін қар тазалау техникасы қосылады.

Ал, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Максұт Қожановтың айтуынша, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдардағы қысқы жұмыстар үшін 66 мердігер анықталған. 1200-ге жуық жол жұмысшылары мен 1026 арнайы техника жұмылдырылады. Облыс бойынша боран мен ауа райының қолайсыздығынан жолда қалып қойған адамдарды жылытуға шамамен 35 пункт дайындалды.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барлық шараларды алдын ала қабылдау қажеттігіне ерекше назар аударды.

– Барлық ведомстволар жұмыс механизмін, кестесін, кезекшілігін нақты пысықтауы тиіс. Қардың қалың түсуіне бейім учаскелерге ерекше бақылау қажет, – деді өңір басшысы.

Суреттер облыс әкімінің сайтынан

етілген. Кейбір үйлер бойынша қалалық чатқа түсетін сұрақтар жедел қаралады», деп сендірді Еркін Баулықов.

Бұдан бөлек облыста бизнестің іскерлік белсенділігі де сөз болды жиында. Бұған мемлекеттік қолдау ықпал етуде. Шағын және орта бизнес саласында бүгінде 231,7 мың адам жұмыспен қамтылған –

экономикалық белсенді халықтың жартысына жуығы. Жаңа жұмыс орындары құрылып, жергілікті қазына толықтырылуда. Аппараттық кеңесте кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасын іске асыру туралы айтылды.

– Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2023 жылдың сәуірінен салыстырғанда 1,4% өсіммен 101,8 мың бірліктен асты. Осы саладағы өнім өндірісі жарты жыл ішінде 1,2 трлн теңгеден асты – жылдық мәнде бұл өндіретін екі алпауыт компания көлемімен салыстыруға болады. Қатмет және «Қазқазмы», – деді кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарская. – 9 ай ішінде бірыңғай кешенді бағдарлама бойынша 847 жаңа бизнес жобасы қаржыландырылды. Өткен жылдың сәуірінен кезеңімен салыстырғанда 10,6%-ға артық.

Мемлекеттік қолдау алған жобалардың ең көп саны өңдеу өнеркәсібіне тиесілі екені аталып өтті. Әлеуметтік маңызы бар жобалар да іске асырылуда. Мысалы, Теміртауда мемлекеттік қолдаумен жаңа жеке емхана ашылады. Қарағандыда бизнес-мектеп

құрылды. «Бір ауыл – бір өнім» жобасының жеңімпаздары мен әлеуметтік кәсіпкерлер 5 млн. теңгеге дейін өтеусіз гранттар алады. Биыл комиссия өңдеу, білім беру, денсаулық сақтау саласындағы 12 жобаны мақұлдады.

Мемлекеттік қолдау алғаннан кейін бизнес қосымша міндеттемелер алады. Олардың орындалуын «Даму» қоры қадағалайды.

– Ең сұранысқа ие құрал – пайыздық мөлшерлемені субсидиялау. Келесі жылы осы мақсаттарға, әсіресе, өңдеуші өнеркәсіптегі жобаларды қолдауға облыстық бюджеттен қаражатты едәуір арттырамыз. Бізде Қатмет компаниясымен металлургиялық кластер құру бойынша уағдаластық бар, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңір басшысы бизнесті одан әрі қолдау бойынша нақты тапсырмалар берді.

Жол жөндеу маусымы да аяқталуға жақын. Биыл Қарағанды облысы бойынша республикалық және жергілікті маңызы бар 1032 шақырым автожол жөндеді. Күн тәртібінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жолдарға қысқы күтім жасау шараларына дайын-



Ел мерейі тасыған күн

Приозерск қаласындағы «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында ұлттық мереке Республика күніне орай салтанатты жиын өтті. Айтұлы іс-шарала алдымен Әнұран орындалып, патриоттық әндер айтылды. Приозерск қаласының тұрғындары Республика күніне орай еліміздің Әнұранын қосыла шырақанда көпшіліктің көңілі серпілді.



Нұрдіос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Приозерск қаласының әкімі Мансұр Ахметов қала жұртшылығын мерекемен арнайы

құттықтап, жылы лебізін білдіріп, сөз сөйледі. Еліміздің басты мерекесі қарсаңында үздік жұмысымен көзге түсіп, белсенді қызмет атқарып жүрген сала мамандарын Құрмет грамотасы мен

Алғыс хатпен марапаттап, пәтер кезегінде тұрған тұрғындарға пәтер кілттерін салтанатты түрде табыс етті.

– Республика күні – бұл еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам. Осы атаулы күні Отанымыз – Қазақстан Республикасына өркендеу мен амандық тілейміз, халықтың бірлігі, татулығы мен келісімі біздің мемлекеттілігіміздің мәңгілік берік тірегі болсын. Еліміздің, қаламыздың қарыштап дамып, толағай табысқа жетуі – халқымыздың ынтымағы мен бірлігінің жемісі. Сондықтан, әрбір азамат бүгінгідей бейбіт күннің қадіріне жетіп, әрбір сәтті бағалай білуі тиіс. Баршаңызды кастерлі мерекемен құттықтай отырып, тәуелсіздігіміз тұғырлы болуын тілеймін, – деді Приозерск қаласының әкімі Мансұр Ахметов.

Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы қалалық сайлау комиссиясының хатшысы Жазылбек Қосанбайұлына, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Орталық Коммуникациялар қызметінің Алғыс хаты қала белсенділері Сайлау Қарабасқовке, Талғат Қарабалаевқа табысталды. Және



шағын шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан бір топ азаматтар қала әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сонымен қатар, 3 бөлмелі пәтердің кілттерін көпбалалы ана Умытқан Байденоваға және Людмила Кадочникова, 2 бөлмелі пәтердің кілтін Әсемгүл Жұмабаеваға, 1 бөлмелі пәтердің кілтін Валерия Диденкоға табыстады.

Одан әрі қала өнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасына ұласып, көпшілік патриоттық әндерді тыңдап, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты. Сонымен қатар, мереке аясында бос орындар жәрменкесі мен тақырыптық көрме ұйымдастырылды. Қала қонақтарына халқымыздың ұлттық құндылықтары мен қонақжайлылығы көрсетілді.

ПРИОЗЕРСК
Сурет автордан

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2024 жылғы 9 айдағы аудиторлық қызметінің нәтижелері туралы

Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының 2024 жылға арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес 4 аудиторлық және 2 сараптамалық – талдау іс-шарасы жүргізілді.

Мемлекеттік аудитпен 34 462 511,3 мың теңге қаражат көлемімен 21 объекті қамтылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзушылықтары 85 993 417,6 мың теңге мөлшерінде анықталды. 57 740 814,8 мың теңге қалпына келтірілуге және өтелуге жатады, оның ішінде 9 айындағы 55 739 943,9 мың теңге немесе 96,5% қалпына келтірілді және өтелді.

Жүргізілген аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша:

аудит объектілеріне – 4 аудиторлық қорытынды және 11 нұсқама жолданды, 33 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды;

мәслихаттарға – лауазымды тұлғалардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сақтамауынан анықталған фактілері бойынша 4 ұсыныс жолданды;

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдарға – 205 аудит материалдары жолданды, жалпы 14 396,8 мың теңге айыппұл сомасына 68 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сондай-ақ, есетік кезеңде Тексеру комиссиясы 184,6 мың теңге айыппұл сомасына 1 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

құқық қорғау органдарына (Қазақстан Республикасы Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша Департаменті, Қарағанды облысының Прокуратурасы) – аудиттің 11 материалы, оның ішінде: 5 – қарауда, 4 – тәртіптік сипаттағы шаралар қабылдау үшін Қарағанды облысының Білім басқармасына және Абай ауданының әкімдігіне жолданды, 2-і бойынша тәртіптік жазалар қолданылды.

Хабарландыру

«ҚазТрансОйл» АҚ, Қарағанды мұнай құбыры басқармасы «Трудовое» АҚП - сы үшін рұқсат етілген шығарындылары нормативі (РешН), ластанушы заттардың рұқсат етілген тоғінділігі нормативінің (РсГН) қалдықтарды басқару бағдарламасы (КББ), табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚШЖ) жұмыс жобасына «Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру» бойынша Қарағанды облысы, Осакарқа ауданы, Мирный а/о, «Мирный а.о. әкімшілік аппараты ММ» акт залы мекен-жайы бойынша, ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес 2024 жылғы 05 желтоқсан күні, 12 сағ. 00 мин. ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетін хабарлайды.

Көзделіп отырған қызмет бастамашысы: «ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды мұнай құбыры басқармасы, БСН 970540000107, 010000, Астана қ., Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 20, 12 ғимарат. Өкілі: Сабғалиев. М.М., Тел.: 8 (7212) 982-241, 982-240.

Әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ ЗӨО, Астана қ., Габдуллинна көш., 2 БСН 970540000107, тел. 8(727)313-16-94.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында esportal.kz, сондай-ақ, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ, «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Лобада көшесі 20, каб. 304, эл. мекенжайы expertiza.kz@mail.ru, тел. 56-81-66, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекенжайы бойынша алуға болады: Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы, 100026 Қарағанды қаласы, Гапеев көшесі 4/3

Кеңсе телефоны : +7 (7212) 98-22-41. e-mail: B.Sarsembaeva@kaztransoil.kz, d.mukashev@kaztransoil.kz.

Бейнеконференцбайланыс арқылы ашық жиналыстар нысанындағы тыңдауларға қатысу үшін төмендегі сілтеме бойынша өтуге қажет: <https://us05web.zoom.us/j/9365583877?pwd=vW18bfZ5YFY0iOvNruRERF0MnRUvZz.1&omn=85472017451>

Конференция идентификаторы: 936 558 3877 Рұқсат коды: 12345

«Мемлекет қолдауын сезіндік»

Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында аймақ жастары жағымды жаңалығымен бөлісті. Атап айтсақ, Бұқар жырау ауданында бөдене өсіретін құс фермасы мен ірімшік өндірісі іске қосылды. Екі кәсіпорын да «Бастау Бизнес» бағдарламасы негізінде, мемлекеттік грант аясында ашылып отыр.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

34 жастағы Доскей кентінің тұрғыны Данияр Татығұлов – көпбалалы отбасының отағасы. Кәсіп ашқан азамат «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша білім алды.

– «2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы» шеңберінде мемлекеттік грант алдым. Елімізде жастарды мемлекеттік тұрғыда қолдаудың түрлі шаралары қабылданған. Грант арқылы мемлекеттің қолдауын сезіндік, – Данияр Татығұлов.



Кәсіпкер екі мың жұмыртқаға арналған инкубатор, вакуумдық тығыздағыш, ет ыстайтын пеш және мұздатқыш сатып алды. Қазіргі таңда бөдене өсірумен ай-

налысуда. Сондай-ақ, Үштөбе ауылындағы үш баланың анасы Әсемгүл Елубаева ірімшік өндірісін ашты. – Биыл 183 грант беруге 270

миллион теңгеден астам қаражат бөлінді. Гранттар халықтың әлеуметтік осал топтарындағы адамдарға – көпбалалы отбасылардың мүшелеріне, мүгедектерге, мүгедек балалардың ата-аналарына, АӘЖ алушыларға бөлінді. Мемлекеттік қаражатқа олар тігін кәсіпорнын, кондитерлік цех, жартылай фабрикалар өндірісін, қызмет көрсету және білім беру саласындағы стартаптарды іске қосты, – деп хабарлады облыстың еңбек ұтқырлығы орталығының баспасөз қызметі.

Республика күні 25 қазан

Қарағанды қалалық және ардагерлер кеңесі Темірболат Мәжитұлы Мәжитовке ағасы

БЕКБОЛАТТЫҢ
қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.



• МЕРЕЙ

Бір күнге әр берген қос мереке

Кітапханашылар күні мен Республика күні қарсаңында С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында салтанатты іс-шара өтті. Іс-шараға кітапхана ісінің ардагерлері, облыстық кітапханалар мен Қарағанды облысының орталықтандырылған кітапхана жүйелерінің басшылары және кітапханашылары қатысты.



сып жатқанын атап өткен жөн. Құрметті кітапхана мамандары, Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен және ұлттымыз кастерлейтін Республика күнімен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, отбасына амандық тілеймін!», – делінген басқарма басшының құттықтау хатында.

Кітапханашыларға ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, облыс әкімінің, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен, Қазақстан кітапхана одағының, «Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері» кәсіподағының облыстық филиалының марапаттары салтанатты жағдайда тапсырылды. «Қаланың орталықтандырылған кітапхана жүйесінің үздік кітапханасы» номинациясымен Саран қаласының Орталық кітапханасы, «Ауданның орталықтандырылған кітапхана жүйесінің үздік кітапханасы» номинациясымен Абай ауданының Орталық кітапханасы марапатталды.

Суреттер ұйымдастырушылардан

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Театр фойесінде «Біздің таңдауымыз – белсенді демалыс» атты ерекше фото-көрме безендірілді.

Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакеновтың құттықтау сөзін басқарманың мәдениет және өнер бөлімінің бас маманы Анар Есмағанбетова оқып берді.

«Кітапханалар қоғамның рухани өміріне оң әсерін тигізетіні анық. Қазақстанды өрге сүйрейтін тегеурінді буынның қалыптасуы жолында кітапханашылар аянбай еңбек етуде. Сіздерді арқашан мақтан тұтамыз. Кітапханалар жаңа ақпараттық кеңістік құруға белсене қаты-



• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Сейілге деген сағыныш маздап...

Сиқырлы саздың иесіндей, сұлу әннің киесіндей болған Сейілінің сағынғаны рас. Біз мұны Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде өткен аяулы әнші Сейіл Аяғанды еске алуға арналған «Ән-Аға» атты кешке жиналған халықтың қарасынан аңғардық.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еске алу кеші басталмай тұрып, көпшілік әншінің рухына бір минут үнсіздікпен тағзым жасады. Есті ән тыңдармандары жақсы біледі, Сейілден көз жазып қалған соң рухтас досы, қазақтың әнші қызы Роза Әлқожа «Сейіл жүрек» сағыныш әнін жазған еді.

«...Жүрсендағы кей нәрсеге кейіп жүрек, Сендегідей жок ешкімде мейір жүрек. Сейілден соң кетседағы пейіл жүдеп, Сейіл жүрек, Сейіл жүрек...», – деп келетін сағыныш сазын әнші Гүлдана Макпонова шырқап, кеш көрермендерінің көңілін тербеп, көзіне жас үйірді.

Бұл кештің бұрынғы кештен өзгешесі, Сейіл әншінің өнерде жүріп, ізнен ерген ізетті інілері, қарақөз қарындастары ән шырқады. Әнші ағаларының шырқаған әндерін, сүйіп тыңдаған әуендерін Қуандық Төкенов, Аяжан Әкеева, Арайлым Жүкенова, Ақжол Мүрсәлім, Шыңғыс Сәрсенбай, Ербота Ұзақбаев, Қасиет Мұқатаев, Нұрғиса Рахадұлы, Сейілбек Бохаев секілді таланттар мен «Тәттімбед» вокалдық аспаптық ансамблі тамаша орындады.

Кешке арнайы келген дәстүрлі әннің дүлдүлі, «Арқаның қызыл асығы» атанып кеткен Жақсыкелді Кемалов пен филология ғылымдарының докторы, профессор Қойлыбай Асанов сахна төріне көтеріліп, әншінің шығармашылық жолы, әнге деген риясыз махаббаты, ел ішіндегі сыйы жөнінде

естеліктерімен бөлісті.

Әншінің асыл жары, шығармашылығының шырқауына айналған Қымбат Түсіпбекованы да ел алдына шығарып, Жаңа Майқұдық мәдениет үйінің ұжымы сый-сияпат тапсырды. Өйткені, дәл кеш өткен күн – Сейіл әншінің дүние дидарын ашқан күні.

– Ортамызда Сейіл әншінің өзі болғанда 53 жасқа толар еді. Үйде өнердегі достарымен бірге думандатып жатар ма еді?! Еске алу кешінде әндері шырқалып жатқаны жалғыз менің жаным баптайтын, сіздерге де оңайға түспейтін мен жақсы сезініп отырмын. Өзі үйде отырғанда үнемі айтып отыратын-ды. «Мен – сұлу әнге адалмын», деп. Расымен, өнерге деген махаббаты шексіз еді. Сол



себепті де, еліне сыйлы болды деп ойлаймын. Сейілді төбесіне көтерген халықтан айналып кетейін, – деді көңілі толқып, көзіне жас іркілген жары Қымбат.

Сейіл ғажап орындаушы ғана емес, сырлы сазгер де. Кеште тек ақын Қайрат Асқардың сөзіне жазылған Сейіл марқұмын «Бал сезім» әнін Ербол Алшынбай тамылжытты.

Астанадан арнайы келген аңыз әншінің туған інісі Шыңғыс Мұқаев ағасының үнемі шырқап жүретін «Таңғы тілек» әнін гитарармен орындағанда ел-жұрт үздіксіз қол соқты. Гитара шертісі, үніне дейін айнымай қалғандығына қайран қалысты.

Ғажап әнші «Жас қаламымен» көпшіліктің жүрегіне жол тапқан еді. Репертуарындағы бұл әннің де шоктығы сөзсіз биік. Кезінде осы

әнге бейнебаян түсіріп, «Youtube» желісінен 5 миллионнан аса қаралым жинаған еді. Сол туындыны төл шәкірті Мұрат Қоңыр шебер шырқап, көпшілік риза болысты. Кештің шымылдығы сол әнмен жабылды. Көрермен тік тұрып, қол шешет қылды.

Жаңа Майқұдық Мәдениет үйінің концерт залына келген көрермен сыймағанын да көз көрді. Кешті тамашалаған өнерсүйер қауымнан біз шын талантқа көрсетілген тағзым мен ән құдіретіне көрсетілген құрметті аңғардық.

Сейіл ағамыз алты ішекті гитараны қалай қолына алғанын, өнерге келгені жөнінде бір естелігінде былай бөліседі:

«Алты жасымда әке-шешем маған домбыра алып бергені есім-

де. Ол кезде күні бойы ойын қуып үй көрмейміз. Кешке қарай ұйқыға біржола келіп, құлаймыз. Түн ортасы ұйқылы-ою домбырамен айқайлап ән салатын көрінемін. Өке-шешем көрші-қоланнан қысылғаннан, ертесіне «Балам, түнде айқайлауға болмайды. Күндіз айтып өңді», дейді екен. Сөйтсе, әкемнің апасы Қазыкөк шешей ата-анам: «Оятпаңдар, балаға бір құдірет қонғалы жүр», десе керек. Қазыкөк апа – кезінде өлең шығарған, ән салып, мандалин тартқан кісі. Кейін домбырам сынып қалды. Содан совхозға гитара келді. Қазақ радиосынан Қорабай Есеновтер құйқылжытып жатады. Қазір қайдам, бізді ол кезде «Қазақ радиосы» тәрбиеледі ғой.

7-8 жасымда гитара тартып, сол кісілердің орындауындағы және басқа да дәстүрлі әндерді өз әлімше орындайтынмын. Сөйтіп, домбыраны гитараға алмастырдым. Көбіне гитараны домбыраша тартып, көсіп-көсіп алатыным содан қалса керек. Кейін бұл өз стиліме айналды. Негізі, мен эстрада жанрында жүргеніммен, табиғатым – қазақтың халық әндері».

Міне, содан бері есті әндерді ғана шырқаған Сейіл Аяған ғұмыр бойы сұлу әнге адалдық танытып өтті.

Көпшілік кештен «Шіркін-ай, Сейіл салған ән қандай еді?!» деп, қимай тарқасты. Ел жүрегіндегі өнер иесінің екінші өмірі осылай жалғасып жатыр.

«Бұл Сейіл – тірі қалған Оғыздыңдай, Гитара – Қорқыттың Қобызындай» деп басталады ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлының «Сейілдің гитарасы» атты өлеңі. Гитарасы шаңырағында төрде ілулі тұр. Адал серігін үздіксіз күткен күйі. Иә, оның әр шегінде шер тұр... Суреттер ұйымдастырушылардан

Халық құрметіне бөленді



Қарқаралыдағы Ш.Жандарбекова атындағы мәдениет үйінде Республика күніне орай «Қыран елім – Қазақстаным» атты мерекелік шара өтті. Салтанатты шараның барысында өңірімізге еңбегі сіңген үш адамға «Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.



Болатбек ӘШІМУЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, осынау жоғары атакқа білім беру саласының ардагері Мұхитбек Адамов, білім беру ісі мен мемлекеттік қызметтің ардагері Серік Дүйсебаев және ауыл шаруашылығы, мемлекеттік қызмет және спорт саласының ардагері Бағдат Шахмерденов ие болды. Қасиетті Қарқаралының құрмет төріне озған Мұхитбек Қапсаттарұлы, Серік Смағанбетұлы, Бағдат Түшкенұлы – осы ауданның өрлеуіне, өркендеуіне ерен еңбек сіңірген, асақал жасына жетіп, қалың елдің абызына айналған танымал тұлғалар. Ауданның

ұлкен-кішісі бірдей сыйлап, құрмет тұтатын бұл кісілердің әрқайсысы қандай да болсын жоғары марапатқа өлден лайық.

Мерекелік жиын барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген жандардың тағы біразы облыс әкімінің және аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды.

Осы кеште ән әулетіп, би билеген аудан мен облыстың өнерпаздары мерекелік салтанаттың сәнін келтірді.

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Е. КЕЧЕСБЕКҰЛЫ

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 230

№ 121 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жан АМАНТАЙ